

Мәшһүр Жүсіп мұралары жарыққа шықты



Суретті түсірген Төлеген Нұрғазин

Ұлы ойшыл, фольклортанушы, философ, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты. Кеше облыс орталығындағы «Достық» үйінде ғұлама туындыларының тұсаукесері өтті.

Өңірімізде Мәшһүр Жүсіп мұраларын насихаттауда қыруар жұмыс атқарылды. 2003-2008 жылдар аралығында С.Торайғыров атындағы ПМУ-де ғалымның 13 томдық шығармалар жинағы жарық көріп, оқырман қауымға жол тартқан болатын. Ғұламаның болашақ ұрпаққа берер мұрасының әлі де мол екенін ескерген облыс әкімі

Ерлан Арын өзге де шығармаларының 20 том болып қайта басылуына қолдау көрсетті.

Бұл жолғы топтамаларының алғашқы төрт томында Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері мен дастандары басылған. Бесінші томынан бастап фольклорлары мен ауыз әдебиеті мұраларының жиынтығы жарық көрді. Сонымен қатар, шежірелік туындылары мен ғұлама туралы жазылған ғалымдардың естеліктері де бар. Ал соңғы томдарында ақынның бұрын-соңды жарыққа шықпаған, халыққа әлі жол тартпаған шығармалары мен аудармалары топтастырылған.

Мәшһүр Жүсіптің бұл жолғы шығармаларының жарыққа шығуы қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен игілікті іс екенін айтты тұсаукесерге қатысқан ғалымдар. Себебі, XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген әдебиетшілер шығармаларының бірден 20 том болып басылуы тарихымызда болмаған жағдай.

Өңір мәдениетінің өрлеуіне ерекше серпін берген елеулі шарада облыстық мәдениет басқармасының басшысы Роза Қадысова Мәшһүр Жүсіп мұраларының келер ұрпаққа берер рухани азығы ұшан-теңіз екенін айтты.

Шара барысында сөз алған Мәшһүр Жүсіптің немересі Қуандық Пазылұлы әлі де талай томдарға татитын дүниелердің бар екенін тілге тиек етті.

- Мәшһүр Жүсіп мұраларының осындай жоғары деңгейде насихатталып, том-том туындыларының жарыққа шығуына «Мәдени мұра» бағдарламасының септігі тиді. Осы істің басы қасында болып, қолдау көрсеткен облыс әкімі Ерлан Арынға алғысымызды білдіреміз, - деді Қ.Жүсіпов.

Мәшһүртанушы ғалым А.Тұрышевтің айтуынша, Мәшһүр Жүсіпті тек діндар ретінде қарауға болмайды. Себебі оның медицина, география, биология және физика ғылымдары туралы жазып қалдырған еңбектері де - бір төбе. Қазақта «мәдениет» деген сөзді ең бірінші Мәшекең қолданған. Сондай-ақ, «ақыл, жан» туралы философиялық еңбектерінің өзі үлкен зерттеуді қажет ететінін айтты.

Сонымен қатар, арап әріпінде жазған көптеген қолжазбалары бар. Оларды екінің бірі түсініп оқи алмайды. Өйткені оны зерттеу үшін терең білім және таза ниет керек.

Арман ҚАНИ, Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры:

- Қазақ әдебиеті Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 20 томымен толыққан бүгінгі күн аймағымыздың мәдени өміріндегі айтулы күн ретінде тарихымызға енетіні – ақиқат.

Кеңестік кезеңде мазары қиратылған, әдеби мұраларын оқуға тыйым салынған, есімі әдебиет тарихында «ескішіл, керітартпа, діншіл ақын» деген саяси айыптаулармен қосақталып көрініс берген ұлы тұлғаның кесенесін қайтадан салу, туындыларын жинақтау, баспаға дайындау, кітап қылып шығару істерін жүзеге асыруға егемендік кезеңінде Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мүмкіндік алдық.

Сөйтіп, дәл қазіргі кезеңде аймақ халқымен бірге өзіміз де рухани өрлеуді бастан өткерудеміз. Мұны осынау Ұлы Ертістің киелі Кереку өңірінің әкімі мен ақындары халық үшін бірлесе атқарған істің нәтижелі жемісі дегім келеді.